

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын зерттеу әдістемесі

Аңдатпа. Мақалада мектепке жасына дейінгі балаларда сөйлеу тілі бұзылыстары, оның ішінде жиі таралғаны, жалпы сөйлеу тілінің дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексеруге арналған әдістемелер және сипаттамалары ұсынылған.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі кездесетін тіл кемшілігінің түрі – ол жалпы сөйлеу тілінің дамымауы. «Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы» – есту қабілеті және зияты сақталған жағдайдағы сөйлеу тілінің барлық құрама компоненттерінің (фонетикалық, фонематикалық және лексикалық – грамматикалық жақтарының) жүйелі бұзылуын атайды [1]. Сөйлеу тілінің мұндай бұзылысында балалардың сөйлеу тілінде жұрнақ, жалғауларды дұрыс қолдана алмау, сөйлем құрауы мен байланыстырып сөйлеу сияқты дағдылары жетілмеген, яғни грамматикалық дағдылары әлсіз дамыған. Ол өз кезегінде, кейін балада жазу дағдысының дұрыс қалыптасуына кері әсерін тигізеді, бала тіл арқылы құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауда қиналатын болады, әлеуметке кірігуіне, мектепте оқуына кедергі жасайды.

Сонымен қоса, аталған тіл кемістігіне байланысты, сөйлеу тіл құралдарының жетілмеуі танымдық пен эмоциялы-ерік аясының деңгейін төмендетеді де, мектеп бағдарламасын меңгерудегі қиындықтарға, әсіресе жазу мен оқуды игеруге кері әсерін тигізеді. Осы себепті біз, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың аталған дағдыларын тексеруге көңіл бөліп, арнайы әдістемелер құрастырып ұсынып отырмыз.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, сөзжасам дағдылары, тексеру әдістемелері, грамматикалық категориялар, тапсырмалар сериялары, нәтиже, талдау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-85-91>

Кіріспе.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл статусын алуына сай, ҚР жалпы білім беру саласында біршама іс-шаралар жүзеге асырылып жатыр. Солардың бірі, және маңыздысы ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге қолдау көрсету туралы» заңы дамуында проблемалары бар барлық балаларға арнайы

түзету көмегін көрсетуге кепілдік береді [2]. Аталған балалардың көпшілігінде сөйлеу тілі кемістіктері, оның ішінде жалпы сөйлеу тілінің дамымауы (ары қарай ЖСТД деп аталады) кездеседі. ЖСТД – есту қабілеті мен зияты әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуының бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері.

Қазіргі таңда мұндай балаларға арналған арнайы балабақшаларда тәрбиелеу мен оқыту жұмыстары қолға алынды.

Аталған тіл кемістігіне байланысты, сөйлеу тіл құралдарының жетілмеуі танымдық пен эмоциялы-ерік аясының деңгейін төмендетеді де, мектеп бағдарламасын меңгерудегі қиындықтарға, әсіресе жазу мен оқуды игеруге кері әсерін тигізеді. Сондықтан, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен мектеп жасына дейінгі кезеңде жүргізілетін түзете-дамыту жұмысын тиімді ету, оның мазмұнын белгілеу, оқытып тәрбиелеу барысында сөйлеу тілін дамыту, грамматикалық жағын (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау дағдылары) жетілдіру жұмыстары жүргізілуі қажет.

Сөзжасам процестерінің бұзылысы – жалпы сөйлеу тілі дамымауы сияқты күрделі ақаулықтың құрылымындағы тұрақты белгісі болып табылады. Соның салдарынан сөзжасам операциялары сөйлеу тілі арқылы ойын айтуды туындатуда және біреудің сөйлеуін қабылдаудың әртүрлі кезеңдерінде жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі және мектеп оқушыларында да байқалады. Сөзжасам процестерінің дамымауы ауызша және жазбаша сөйлеу тіліндегі тұрақты, спецификалық қателерге әкеп соғады.

Сөйлеу тілінің әртүрлі дамымауы бар балалардың тілдің грамматикалық жүйесін меңгеру ерекшеліктері туралы Н.Н.Трауготт, Р.Е.Левина, В.К.Орфинская, В.К.Воробьева, С.Н.Жукова мен Е.М.Мастюкова [3], С.Н.Шаховская, О.Е.Грибова, Ю.К.Шергилашвили, Т.В.Туманова [4], Л.Ф.Спирова, В.А.Ковшиковалардың [5] жұмыстарында қарастырылған. Олар сөйлеу тілі дамымаған балалар сөзжасам және сөзөзгертудің морфологиялық жүйесін меңгеруде көптеген қиындықтармен кездесетінін атайды. Арнайы әдебиеттерді талдау барысында, авторлардың көпшілігі жалпы сөйлеу тілінің дамымауындағы грамматикалық бұзылыстар ерекшеліктерін сипаттағанда сөзөзгерту жүйесін зерттеуге ерекше көңіл бөлетініне көз жеткіздік.

Сөйлеу тілін қалыптастыру проблема-сымен (әсіресе грамматикалық құрылысымен) айналысатын авторлардың көбі сөзжасамның

морфологиялық жүйесінің қалыптасу деңгейін зерттеуді жеке міндет ретінде қарастырмай, тек сөз қорының аздығын белгілеумен ғана шектеледі (Р.И.Никифорова, Ю.С.Липкина, В.К.Зимичева т.б.), сөзжасамға арналған тапсырмаларды орындаудағы көп қателер: кішірейтіп айтуда зат есім түрінде, өздік, сөзалды қосымшалы етістіктерде, тәуелдеуде т.с.с. (В.К.Зимичева, Л.Н.Ефименкова, А.С.Загородняя, Е.А.Никулина, Т.А.Синякова), балалардың сөйлеуіндегі сөздерді басқа сөздермен ауыстырулары, яғни сөзжасамдық операцияларға дайын еместігі туралы айтты (Г.В.Бабина, В.И.Балаева, С.А.Миронова [6], Г.Б.Ибатова [7] т.б.

Сонымен, әдебиеттерді талдау барысында жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларын қалыптастыру проблемасы бойынша ресей ғалымдарының бұл бағытта біршама зерттеулер жүргізілгеніне көз жеткіздік. Ал, осындай тіл кемістігі бар мектеп жасына дейінгі қазақ балаларының сөзжасам дағдыларын қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеулер жоқтың қасы. Тіпті мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі қалыпты дамыған қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау) тексеруге және дамытуға арналған әдістемелер де құрастырылмаған. Сол себептен, біз мектепке жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілінің дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексеруге көңіл бөліп, арнайы әдістемелер ұсынып отырмыз.

Зерттеу нәтижелері

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен тиімді түзету жұмысын жүргізудегі қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін ескере отырып қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын тексеру әдістемесі құрастырылды.

Әдістемелерді құрастырғанда біз төмендегідей қағидаларға сүйендік:

1. Онтогенетикалық.
2. Сөзжасайтын жұрнақтарды қолдану жиілігі.
3. Қолжетерлік.
4. Қарапайымнан күрделіге дейін.

Онтогенетикалық балалардың тілін онтогенезге (балалардың сөйлеу тілінің қалыпты жағдайда даму заңдылықтарын ескеру) сүйеніп отырып дамыту, себебі ЖСТД балалардың сөйлеу тілі қалыпты дамыған баланыкі сияқты заңдылықтар бойынша дамиды.

Сөзжасайтын жұрнақтарды қолдану жиілігі қағидасын ұстанғанда біз балалардың қай сөзжасаушы жұрнақтарды жиі қолданатынын және қолдану білігі жоқтығын ескердік.

Қолжетерлік қағидасы: әдістеме тапсырмаларының балаға түсінікті болуы және оларды қолдана білуін көздейді.

Қарапайымнан күрделіге қағидасы: алғаш берілетін тапсырмалар қарапайым болса, келесі тапсырмалар күрделенеді.

Әдістеме 2 сериядан құрылды, әр серияда 5 тапсырма берілді.

Бірінші – екінші серияларды құру барысында біз балалардың жас ерекшеліктеріне, сөйлеу тіл мүмкіндіктеріне, тапсырмаларды қалай түсінетініне, белсенді және енжар сөз қорының қалпына назар аудардық; осы мақсатта тапсырмалардың бірінші сериясында суреттер ұсынылды.

Бірінші серия жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөздің морфемдік элементін бөлудегі бағдарлау іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін айқындауға бағытталып, түбірлес сөздер қатарын сәйкес суреттермен адекватты түрде сәйкестеуге бағытталған тапсырмалардан құрастырылды. Грамматикалық категорияларға қатысты түбірлес сөздер белгілі бір кезектілікте берілді: вербальді тізбекте бірінші сөз – дәлелдеуші сөз болды, кейіннен одан туындаған сөздер жалғасты. Туынды сөздердің модельдері, олардың құрамында қазақ тілінде жиі кездесетін әрі өнімді аффикстерден құралды.

Бірінші сериядағы тапсырмалардың бағыты: зат есімдердің сөзжасамдық аффикстерін бөлу (бір заты немесе іс-әрекеті бойынша атау, мамандығы, іс-әрекеті бойынша зат есім негізінен *-шы* жұрнағы арқылы құралған сөздер), затты белгілеу үшін, заттық мән білдіретін жұрнақ *-ша, -ше; -ғыш* жұрнағы арқылы заттарды (зат салатын) сидыратын заттарды атау, кішірейтіп айту арқылы экспрессияны білдіру жұрнағы *-шік, -ша, -ше*.

Екінші сериядағы тапсырмалар ауызша, көрнекіліксіз беріледі. Ол балалардың бастапқы формасынан туынды сөздерді жасау мүмкіндіктерін айқындауға бағытталады. Бұл сериялардағы лексикалық материал балаларды жұрнақтар арқылы зат есімдер жасауға бағыттайтындай тапсырмалардан құрылды. Мысалы: туынды зат есім жасауға арналған тапсырма: «Сұрақтарға жауап бер: Сиыр сауатын адамды кім дейміз?» т.с.с.

Тапсырмалардың қысқаша сипаттамасы мынандай болды. Тапсырмалардың бірінші сериясы.

1-ші тапсырма

Мақсаты: сөздердің мағынасын түсінуін анықтау.

Балаға он сурет ұсынылады.

Нұсқау: Осы суреттердегі мамандық иелерін ата (етікші, оқытушы, жұмысшы, қойшы, биші, тігінші, есепші, жүргізуші, дүкенші, құрылысшы).

2-ші тапсырма

Мақсаты: зат есімнің кішірейту мәнін тудыратын *-ша, -ше, -шік* жұрнақтары арқылы жасалған сөздерді айтуын анықтау.

Тапсырмада балаға он сурет ұсынылады.

Нұсқау: Суреттегі затты ата: (үйшік, жастықша, қапша, кітапша, көрпеше, қобдиша, сандықша, көлшік, қалақша, жалауша).

3-ші тапсырма

Мақсаты: *-шы, -ші* жұрнақтарының көмегі арқылы мамандықты білдіретін сөздерді жасауын анықтау.

Тапсырмада балаға он сөз жасау ұсынылады.

Нұсқау: Мен қойған сұраққа жауап бер. Сұрақтар: Киім тігетін адамды кім деп айтамыз? (тігінші). Балабақшада балаларды тәрбиелейтін адамдарды кім деп айтамыз? (тәрбиеші). Ән айтатын адамды кім деп айтамыз? (әнші). Сабаққа баратын баланы кім дейміз? (оқушы). Етікті тігетін адамды кім дейміз? (етікші). Сиыр сауатын адамды кім дейміз? (сауыншы). Дүкенде киім сататын адамды кім дейміз? (дүкенші). Үй салатын адамды кім дейміз? (құрылысшы). Терезеге әйнек салатын адамды кім дейміз? (әйнекші). Сиыр бағатын адамды кім дейміз? (сиыршы).

4-ші тапсырма

Мақсаты: Сөздерді жұрнақсыз айту дағдысын анықтау.

Тапсырмада балаға он сөз ұсынылады.

Нұсқау: Мен затты кішірейтіп айтамын, сен үлкейтіп айт.

Ұсынылатын сөйлемдер: Менде кішкентай қалақша бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай тостағанша бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай жастықша бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай кітапша бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай кілемше бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай көрпеше бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай үйшік бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай қапшық бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай қасықша бар, сенде үлкен не бар? Менде кішкентай таяқша бар, сенде үлкен не бар?

5-ші тапсырма

Мақсаты: Сөзжасам әдістерін қолдану дағдысын анықтау.

Нұсқау: Заттарды қарап, оларды кішірейтілген түрде ата.

Берілетін сөздер: Жастық(ша), Қасық(ша), Күрек(ше), Көрпе(ше), Қорап(ша), Қап(ша), Кітап(ша), Қобди, Қалақ, Күрте(ше).

Тапсырмалардың екінші сериясы

1-ші тапсырма

Мақсаты: Сөз жасаушы жұрнақтарды дұрыс пайдалану дағдысын анықтау.

Нұсқау: Мына жұрнақтарды дұрыс тауып қой: (-шек, -ша, -шы, -шік, -ке, -шең, -ші).

Берілген сөздер: Іні+(шек), Сандық+(-ша), Жазу+(шы), Шеше+(ке), Сөз+(шең), Санақ+(шы), Тігін+(ші), Құрылыс+(шы), Күрке+(шік), Күрте+(ше).

2-ші тапсырма

Мақсаты: Түбірлес сөзжасам дағдысын анықтау.

Нұсқау: «Ал, көр, іл,» сөзіне төмендегі жұрнақтарды қосып сөз жаса.

Берілген жұрнақтар: -у, -ғыш, -гіш, -дыр, -ғыз, -гіз, -ым, -ім, -ма, -ме

3-ші тапсырма

Мақсаты: Зат есімдерге жұрнақтарды жалғай отырып, туынды сөзжасауын анықтау.

Нұсқау: Ұсынылған сөздерге берілген жұрнақтарды қосып, сөз жаса: (-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік).

Берілген сөздер: Бала, Кіші, Адал, Жеңіл, Жолдас, Биік, Жақын, Аңшы, Кішіпейіл, Асыл.

4-ші тапсырма

Мақсаты: Еліктеу арқылы сөздерден зат есім жасайтын жұрнақтарды пайдалануын анықтау.

Нұсқау: (-ыл, -іл, -у) пайдаланып сөз жаса.

Берілген сөз түбірлері: гүр-, ыр-, гу-, тарс-, шіңк-, дүмп-, қыңқ-, шанш-, шап, гүрс-.

5-ші тапсырма

Мақсаты: Сын есім тудыратын жұрнақтарды пайдалануын анықтау.

Нұсқау: (-дай, -дей, -тай, -тей) жұрнақтарын пайдаланып сөз жаса.

Берілген сөздер: бала, мұғалім, тау, құс, немере, тәрбиеші, кірпіш, гүл, бал, көбелек.

Зерттеудің нәтижесі төмендегідей шығарылады:

Құрастырылған әдістемелер бойынша балалардың сөзжасам дағдыларын текерген кезде әр балаға жеке хаттама толтырылады. Сөзжасам дағдыларын тексеру бойынша анықтауыш зерттеу кезінде жинақтаған мағлұматтардың қорытындысын келесі жүйе бойынша шығаруға болады. Жоғарыда аталғандай балаларға екі серияға бөлінген он тапсырма беріледі. Бірінші, екінші серияда бес тапсырмадан, әр тапсырмада он сұрақтан беріледі. Балалардың тапсырманы орындауларын бағалағанда үш ұпайлық жүйені пайдаланған жөн. Әр тапсырмадағы дұрыс жауапты «+» деп, қате жауапты «-» деп алып, тапсырмалар бойынша дұрыс жауаптарды бір – біріне қосып келесі ұпайлық жүйе бойынша белгілейміз:

1. Жеті-он дұрыс жауапқа – 3 ұпай,
2. Төрт-алты дұрыс жауапқа – 2 ұпай,
3. 0-үш дұрыс жауапқа – 1 ұпай.

Жоғарыдағы топтауға сүйене отырып, балалардың сөз жасау дағдыларының деңгейін анықтауға болады. Әр серия бойынша бес тапсырма берілген, сол тапсырмаларға қойылған ұпайды есептеп, егер бес тапсырма

бойынша ұпай көп болса, онда ол жоғарғы деңгейге өтеді. Сол сияқты орташа, төменгі деңгейлер деп бөлеміз.

Эксперименттің нәтижесін талдау келесі критерийлер негізінде жүргізіледі:

1. жоғары деңгей - сөзжасам дағдылары әбден дамыған,

2. орташа деңгей - сөзжасам дағдылары толық қалыптаспаған,

3. төменгі деңгей - сөзжасам дағдылары мүлдем қалыптаспаған.

Бұл бағалау жүйесінде ескеру қажет:

- жоғары деңгей - баланың тапсырманы ести салысымен бірден өз бетінше орындауы;

- орташа деңгей – тапсырманы көмекші сұрақтар, логопедтің мысал келтіруі немесе оған баланың еліктеуі арқылы орындауы;

- төменгі деңгей –логопедтің қандай да көмегі болса да, тапсырманы баланың орындай алмауы.

Қорытынды.

Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының қалпы, оның ерекшеліктерін анықтау

мақсатында біз арнайы әдістемелер құрастырдық. Олар зат есімнен зат есім, зат есімнен сын есім, зат есімнен етістік, етістіктен зат есім сияқты әртүрлі сөз таптарынан жаңа сөздер жасау дағдыларын тексеруге арнап құрастырылған әдістемелер арқылы осы балалардың сөзжасамын анықтап, ондай дағдыларын дамыту, жетілдіру әдістемелерін құрастыру міндеттері қойылады. Қойылған міндеттерді шешу үшін жаңа туынды сөз жасау дағдыларын дамытуды логопед мамандар жүргізуі тиіс

Мақалада берілген мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексеруге арналған әдістемелерді диагностикалау кезінде логопедтер қолданатын болса, ерекшеліктерін анықтап, кейін сол анықталған дағдыларды дамытуға арнап құрастырылған, атап айтқанда сөзжасам дағдыларын дамытуға қатысты әдістемелерді де пайдаланса, сонда балалардың жалпы сөйлеу тілі, грамматикалық дағдылары жетіліп, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының болмай, бала қоғамдағы өмірге бейімделуі, әлеуметтенуі, ешбір кедергісіз болады деп сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Өмірбекова Қ.Қ, Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». –2011. -648 б.
2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР 2002жылғы шілде №343 заңы. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343> (қаралған күні: 23.01.22).
3. Жукова Н.С., Филичева Т.Б., Мастюкова Е. Логопедия. Основы теории и практики. – Москва: Изд: Эксмодетство, 2011.
4. Туманова Т.В. К проблеме развития процессов словообразования у младших школьников с ОНР // «Дефектология». - 2004. - №5.
5. Шаховская С.Н. Эффективные технологии преодоления общего недоразвития речи у дошкольников как один из путей обеспечения равного доступа к образованию детям с ограниченными возможностями здоровья // Образовательная панорама. - 2018. - № 2 (10).- С.30-35.
6. Миронова С.А. Логопедическая работа в дошкольных учреждениях и группах для детей с нарушениями речи.— М.: А.П.О., 1993
7. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері // «Педагогикалық білім модернизациясы: проблемалары мен болжамдары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция тезистері. - Алматы, 2008. – 98-105 б.

A. K. Satova, G.B. Ibatova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Methodology for identifying word formation skills in preschoolers with general speech underdevelopment

Abstract. The article presents methods and their descriptions for the study of word-formation skills at children with general speech underdevelopment, which are the most common among other speech disorders of preschool children.

The most common type of speech defect in preschool children is general speech underdevelopment. «General speech underdevelopment» is a systemic speech disorder in which all its structural components (phonetic, phonemic and lexico-grammatical aspects) are violated with preserved hearing and intelligence [1]. With such kind of speech disorder children do not have speech skills like the ability to correctly use suffixes, conjunctions, make sentences and coherent speech, i.e. grammatical skills are poorly developed. And this in close future may negatively affect the correct formation of the child's writing skills, the child will experience difficulties in verbal communication with peers and adults, this interferes with his socialization and further education at school.

At the same time, the imperfection and underdevelopment of speech reduces the level of cognitive and emotional-volitional sphere and negatively affects the difficulties in mastering the school curriculum, especially writing and reading.

Therefore, paying special attention to the study of these skills in children with general speech underdevelopment, we have compiled and offer special techniques.

Keywords: preschoolers, general speech underdevelopment, word-formation skills, research methods, grammatical categories, task series, result, analysis.

А.К.Сатова, Г.Б.Ибатова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Методика исследования навыков словообразования у дошкольников с общим недоразвитием речи

Аннотация. В статье представлены методики и их описания для исследования словообразовательных навыков у детей с общим недоразвитием речи, которые являются наиболее распространенными среди других нарушений речи детей дошкольного возраста.

Общее речевое недоразвитие – системное нарушение речи, при котором нарушаются все его структурные компоненты (фонетическая, фонематическая и лексико-грамматическая стороны) при сохранном слухе и интеллекте. При таком речевом расстройстве у детей не развиты такие навыки речи, как умение правильно употреблять суффиксы, союзы, составлять предложения и связную речь, т.е. слабо развиты грамматические навыки. А это в свою очередь в дальнейшем может негативно сказаться на правильном формировании у ребенка навыков письма, ребенок будет испытывать трудности в речевом общении со сверстниками и взрослыми, это мешает его социализации, дальнейшему обучению в школе.

Вместе с тем несовершенство речевых средств при этом недоразвитии речи снижает уровень познавательной и эмоционально-волевой сферы, отрицательно влияет на трудности в освоении школьной программы, особенно в овладении письмом и чтением.

Авторы статьи уделяют особое внимание исследованию данных навыков у детей с общим недоразвитием речи и предлагают специальные методики.

Ключевые слова: дошкольники, общее речевое недоразвитие, словообразовательные навыки, методики исследования, грамматические категории, серии заданий, результат, анализ.

References

1. Omirbekova K.K., Orazaeva G.S., Tolebieva G.N., Ibatova G.B. Logopediya [Speech therapy] («Dauir», Almaty, 2011, 648 p.).

2. «Kemtar balalardy aleumettik zhane medicinalyk–pedagogikalyk tyzeu arkyly koldau turaly» KR 2002 zhylygy shilde № 343 zany [About social and medical-pedagogical correctional support for children with disabilities. Law of the Republic of Kazakhstan No. 343 of July 11, 2002] – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343> (Accessed: 23.01.22).
3. Zhukova N.S., Filicheva T.B., Mastyukova E. Logopediya. Osnovy teorii i praktiki [Speech therapy. Fundamentals of theory and practice] (Eksmodetstvo, Moscow, 2011).
4. Tumanova T.V. K probleme razvitiya processov slovoobrazovaniya u mladshih shkol'nikov s ONR [On the problem of the development of word formation processes in younger schoolchildren with GSU], Defektologiya [Defectology], 5 (2004).
5. Shahovskaya S.N. Effektivnye tekhnologii preodoleniya obshchego nedorazvitiya rechi u doshkol'nikov kak odin iz putej obespecheniya rovnogo dostupa k obrazovaniyu detyam s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya [Effective technologies for overcoming the general underdevelopment of speech in preschoolers as one of the ways to ensure equal access to education for children with disabilities], Obrazovatel'naya panorama [Educational panorama], 2 (10), 30-35 (2018).
6. Mironova S.A. Logopedicheskaya rabota v doshkol'nyh uchrezhdeniyah i gruppah dlya detej s narusheniyami rechi [Speech therapy work in preschool institutions and groups for children with speech disorders] (A.P.O., Moscow, 1993).
7. Ibatova G.B. Zhalpy soyleu tili damymagan balalardyn sozhasam dagdylarynyn erekshelekteri [Features of word-formation skills in children with general speech underdevelopment], Pedagogikalyk bilim modernizaciya: problemalary men bolzhamdary. Halykaralyk gylmi-praktikalyk konferenciya tezisteri [Modernization of pedagogical education: problems and hypotheses. Abstracts of the scientific and practical conference] (Almaty, Kazakstan, 2008, 98-105 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Сатова А.К. – психология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғ., 13, Алматы, Қазақстан.

Ибатова Г.Б. – **корреспонденция үшін автор**, «6D010500-Дефектология» мамандығы бойынша PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғ., 13, Алматы, Қазақстан.

Satova A.K. – Doctor of Psychology Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., Almaty, Kazakhstan.

Ibatova G.B. – **Corresponding author**, Ph.D. student in the specialty «6D010500-Defectology», Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., Almaty, Kazakhstan.